

«Даналық» колледжі

*Хирургиялық ауруларды
диагностикалау.*

Амбулаторлық хирургия.

Дайындаған: Жакупова Х. К

Модератор: Бейсенбаева А.К



Хирургиялық ауруларды диагностикалауда аспаптық және лабораториялық әдістер қолданылады.

Лабораториялық әдістерге жатады:

Жалпы қан анализі

Жалпы зәр анализі

Қанның биохимиялық талдауы

Аспаптық әдістерге жатады:

Рентгенограмма

УДЗ

Ирригоскопия

Колоноскопия

Фиброэзофагогастродуоденоскопия

Ангиография

Пункциялық биопсия

Компьютерлік томография

Реовазография және т.б.



Амбулаторлы хирургия бөлімінің жабдықталуы

Қабылдау бөлімшесі. Науқастарды қабылдау бөлімі арқылы іске асырылады, бұл жерде науқастар бірнеше түрге бөлінеді. Науқастар ауруының түріне қарай тиісті бөлімшелерге жатқызылады

Қабылдау бөлімі тұрады: Тіркеу бөлімі, Науқастарды бірінші рет қарау бөлімі, Ванна бөлмесі, Таза аурухана киімдерін сақтауға арналған бөлме, Науқас киімдерін сақтауға арналған бөлім. Қабылдау бөлімдерінде 1-2 диагностикалық бөлмелер және инфекциясы бар науқастар үшін оқшаулауыш бөлменің болғаны орынды.





Жалпы хирургиялық бөлім. Хирургиялық науқастарды емдеу арнаулы және барлық керекті нәрселермен жабдықталған бөлмелерде жүргізіледі.

Травматологиялық бөлім. Бұл жарақаттанған науқастарға ем жүргізілетін хирургиялық бөлім. Травматология бөлімінің жалпы хирургиялық бөлімнен айырмашылығы, онда рентген кабинеті, гипстеу, байлау аппараттар бөлімі, емдеу дене шынықтыру және механикалық терапия кабинеті болады.

Наркоз бөлмесі – бұл наркоз аспаптары, анестезиолог пайдаланылатын дәрі-дәрмектер, құжаттар сақталатын жер.

Құрал – сайман бөлмесі. Хирургиялық құрал-саймандарды, аспаптарды және аппаратураны сақтауға арналған жер.

Мейірбике күзет орны. Әдетте дәлізде бөлмелерге жақын жерде кезекші мейіркеш столы орналасқан.

Амбулаторлық хирургияның негізгі функциясы

Жедел аурулар мен жарақаттарда алғашқы медициналық көмекті көрсету;

Үйге немесе поликлиникаға келген науқастарды емдеу;

Диспансеризацияны жүргізу және ұйымдастыру;

Уақытша жұмысқа жарамсыздық туралы сараптама, науқастарды жұмыстан босату, науқастарды санаторлы – курортты емге бағыттау;

Стационарлы емді қажет ететін науқастарды уақытында госпитализациялау;

Алдын алу және эпидемияға қарсы шаралар;

Санитарлы – ағарту жұмыстары;

Тіркелген контингенттегі халықтың денсаулығын зерртеу;

Статистикалық есепті ұйымдастыру мен науқастың денсаулық көрсеткіштерін талдау.